**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**

**Жаратылыстану факультеті**

**Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің**

**№1 ХАТТАМАСЫ**

**Түркістан қаласы.** **28.09.2022 ж.**

**Қатысқандар: комиссия төрағасы:**

Курбанбеков Ш. – PhD., доцент м.а;

**Комиссия мүшелері:**

1. К.Ж.Назарова – ф.-м.ғ.к., доцент м.а.;
2. М.А.Муратбекова – PhD, аға оқытушы;
3. М.А.Султанов – ф.-м.ғ.к., профессор м.а.;
4. Ш.Ж.Раманкулов – PhD, аға оқытушы;
5. Г.Ж.Тұрметова – техн.ғ.к., доцент м.а.;
6. Б.Б.Тойжигитова – PhD, аға оқытушы;
7. М.О.Алтынбекова – х .ғ.к., доцент;
8. Ә.Т.Мейірбеков – техн.ғ.к., профессор м.а.;
9. Б.С.Абжалов – х.ғ.к., доцент;
10. Ш.М.Беласарова – аға оқытушы;
11. Е.Н.Еділбаев –докторант;
12. Д.Ж. Тұтқабай– магистрант;
13. Л.Бейсебай –студент;
14. Ж.А.Тлеубергенова – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

**Шақырылғандар:**

1. Г.И.Исаев – Биология кафедрасының меңгерушісі
2. Р.Н.Нұрділлаева – Экология және химия кафедрасының меңгерушісі
3. М.Д.Кошанова – Математика кафедрасының меңгерушісі
4. Б.Ж.Сеитов – Физика кафедрасының меңгерушісі
5. А.Бостанова – Академиялық департамент бастығы

**Хатшы:** Абишова Гулжан – аға оқытушы

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. ББ мазмұны мен құрылымы МЖБС талаптарына сәйкестігі, ҚР БҒМ Реестрінде тіркелуі және мерзімді жаңартылуы, 2022-2023 оқу жылына ББ, НОЖ, т. б. оқу бағдарламаларының бекітілуі;
2. Аккредиттеу мерзімі аяқталған және аккредиттелмеген ББ бағдарламалық аккредиттеу процестерін уйымдастыру, өткізу.
3. ББ бойынша бітіруші жұмыс жетекшілерінің біліктілік талаптарға сәйкестігі;
4. Профессор оқытушылар құрамының жүргізетін пән бойынша соңғы 5 жылдағы біліктілік көтеру нәтижелері.

5. Қыркүйек айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін комиссия мәжілісінде талдау.

**Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы** Ш.Курбанбеков күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз қозғады. Жаңа 2022-2023 оқу жылына білім беру бағдарламалары (бұдан әрі – ББ) білім беру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамаларына енгізілген жаңа нормаларды ескере отырып, құзыреттілік деңгейін арттыру мақсатында жоғары оқу орындарының академиялық және басқару персоналының әлеуетін арттыру негізінде әзірленді.

2022-2023 оқу жылына әзірленген білім беру бағдарламасын жаңартудың басты себебі: білімді, бәсекеге қабілетті және ұлтжандылыққа тәрбиеленген мамандар дайындау мақсатында білім беру қызметтерінің сапасын үнемі жақсарту. Білім беру бағдарламасы - еліміздің экономикасының еңбек нарығында өркендеп даму мүмкіншіліктері мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу.

Жаңартылған БББ:

6B01510 - Физика
7M01506 - Физика
7M05325 - Физика
8D01503 - Физика
7M05324 - Химия
7M01535 - Химия
7M05223 - Экология
7M01547 - Математика
8D01502 - Математика
8D06109 - Математикалық және компьютерлік модельдеу
7M05426 - Математика
7M06129 - Математикалық және компьютерлік модельдеу
7M01507 – Биология

Аталған ББ жұмыс берушілер тарапынан ұсынылған пәндер

**Шешім:** Білім беру бағдарламаларының Реестріне тіркеліп сараптамадан өткен ББ негізінде бекітілуге ұсынылсын.

**Тыңдалды: Г.Тұрметова:** 2 мәселе бойынша факультетте 2022-2023 оқу жылында аккредителуге (2021 жылы мерзімі аяқталуына байланысты) – 2 ББ ұсынылады: 6В01562-Химия-Биология, 6В05169-Биотехнология.

**Аккредитация** – сапа стандарттарына сай келетін, бағдарламалардың сапасын тану. Қазіргі уақытта, білім беру бағдарламалары мен институционалдық аккредитацияның қажеттілігі, халықаралық агенттіктердің дәлелдеуімен, Қазақстанның жоғары оқу орындарының халықаралық кәсіби қоғамда белгілеген сапа стандарттарына сай болуымен байланысты. Бұл еңбек нарығының талаптарына сәйкес мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**Шешім**: 2022-2023 оқу жылында аккредиттелуі қажет ББ бойынша ұсыныстар дайындалсын.

**Тыңдалды: А.Абжалов:** сөз алып күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелерін баяндады:

2020-2021 оқу жылына ББ бойынша бітіруші жұмыс жетекшілерінің біліктілік талаптарға сәйкестігі «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы **№ 391** бұйрығының **10 қосымшасы** 74 (Б) тармағына сәйкес анықталды. Диплом жетекшілеріне қойылатын талаптарға сәйкес 3 жылдан астам жұмыс өтілінің болуы, БҒСБК ұсынған журналдарында жарияланған 1 мақала, 1 оқу-әдістемелік құрал болуы. Магистрлік жетекшілерге қойылатын талаптар: БҒСБК ұсынған журналдарында жарияланған 5 мақала, Scopus базасында тіркелген журналдарда жарияланған 1 мақала, процентилі 24-тен кем емес.

**Шешім**: 2022-2023 оқу жылына бакалавриат ББ бойынша бітіруші жұмыс жетекшілері біліктілік талаптарға сәйкестігін қадағалау кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.
Кафедралардың 10 қосымшалары гугл дискте қолжетімді.

**Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы Ш.Курбанбеков** сөз алып күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша жургізілген мониторинг нәтижелерін баяндады.

Факультеттегі профессор оқытушылар құрамының жүргізетін пән бойынша соңғы 5 жылдағы біліктілік көтеру нәтижелеріне жүргізілген мониторинг мәліметтері келтірілді (9 қосымша). Профессор-оқытушылардың өткен оқу курстарының сертификаттары пәндеріне сәйкес келеді. Кафедралардың 9 қосымшалары гугл дискте қолжетімді.
Профессор-оқытушылардың жүктемелерінде бөлінген пәндерден алынған сертификаттары портфолиоларына салынсын.

**Шешім** Факультеттегі профессор оқытушылар құрамының жүргізетін пән бойынша соңғы 5 жылдағы біліктілік көтеру нәтижелерінің бекітілген талаптарға сәйкестігін қадағалау кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

**Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы** Курбанбеков Ш. 5-ші сұрақ бойынша қорытынды сөз алды:

1. ББ мазмұны мен құрылымы МЖБС талаптарына сәйкестігін, ҚР БҒМ Реестрінде тіркелуі және мерзімді жаңартылуын, 2022-2023 оқу жылына ББ, НОЖ, т. б. оқу бағдарламаларының бекітілуін қадағалау кафедра меңгерушілеріне жүктелсін;
2. Аккредиттеу мерзімі аяқталған және аккредиттелмеген ББ бағдарламалық аккредиттеу процестерін ұйымдастыру кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.
3. ББ бойынша бітіруші жұмыс жетекшілерінің біліктілік талаптарға сәйкестігі гугл дискке жүктелсін;
4. Профессор оқытушылар құрамының жүргізетін пән бойынша соңғы 5 жылдағы біліктілік көтеру нәтижелері кафедра меңгерушілері тарапынан тексерілсін.

**Шешім** Факультеттегі қыркүйек айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

**Мәжіліс төрағасы:** **Ш.Курбанбеков**

**Мәжіліс хатшысы:** **Г.Абишова**